# SOZAQ ÚNI

№78 (9434)
СӘРСЕНБІ
21 қазан, 2026 жыл

sozak_uni@mail.ru
www.sozak-uni.kz

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады




## Мемлекет басшысы Қорғаныс министрінің орынбасарларын қабылдады

Президент–Қарулы күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары- Қарулы Күштер Бас штабының бастығы Айтқұрман Омарбековті және Қорғаныс министрінің орынбасары Татьяна Савельеваны қабылдады.

Мемлекет басшысы Қарулы күштердің қазіргі қызметі мен жауынгерлік әзірлігі, әскери даярлық іс-шараларын қаржылай қамтамасыз ету, Қорғаныс министрлігі бюджетінің орындалуы туралы есепті тыңдады.

Жоғарғы Бас Қолбасшыға жауынгерлердің жай-күйі мен әскерді жұмылдыру дайындығы, сондай-ақ ведомство органдарына және сарбаздарға жүктелген міндеттердің орындалуы туралы баяндалды.

Президентке әскердің ағымдағы қажеттіліктерін қаржыландыру және армияны дамыту бағдарламасы туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ әскери әзірлік міндеттерін ескере отырып қаражатты қайта бөлу, инфрақұрылымды жарақтандыру және бөлімшелердің күнделікті қызметін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Әскерді басқару жүйесін жетілдіру, шешім қабылдау жеделдігін арттыру және сарбаздың маманданған бағытына қарай міндеттерді орындауға дайындығына айрықша мән берілді.

Бұдан бөлек, мобилизацияны жоспарлау және әскери резервті дайындау, жоспарланған шығындарды негіздеу, бюджет тәртібін сақтау, бөлінген қаржыны пайдалану тиімділігін арттыру мәселелері, сондай-ақ қаржылық бақылау мен шығыстардың нәтижелілігін бағалау тәсілдері қарастырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қарулы Күштердің сақадай сай болуына және әскери әзірлік сапасына қатысты, сонымен қатар армияның ең басты қажеттіліктерін қаржылық тұрғыдан өтеу және бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша бірқатар міндет жүктеді.

## Аудан тұрғындарының назарына

**Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының қазан айының 27-28 күндері Құмкент, Жартытөбе, Шолаққорған ауылдық округтері мен Таукент кентінің халқымен кездесуі!**



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2026 жылы 27 қазан сағат 11:00-де Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Құмкент ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де болады.

Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2026 жылы 27 қазан сағат 15:00-де «Жартытөбе ауылдық клубында» өтеді.

Жартытөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдауы сағат 16:00-де болады.

Шолаққорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2026 жылы 28 қазан сағат 11:00-де Шолаққорған ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында өтеді.

Шолаққорған ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де өтеді.

*Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2026 жылы 28 қазан сағат 15:00-де Таукент кентінің мәдениет үйінде* өтеді.

Таукент кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де өтеді.

# Дала өркениетін зерделеудің жаңа кезеңі

Алматыда Түркі әлемі ұлттық ғылым академиялары одағы (UNASTW) Бас ассамблеясының тоғызыншы отырысы өтті. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған халықаралық жиында ғылыми ынтымақтастықты нығайту, ортақ тарихи-мәдени мұраны бірлесе зерттеу, заманауи технологияларды ғылымға енгізу мәселелері сараланды.

Басқосуда Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Моңғолия ғылым академиялары Дала өркениетін бірлесіп зерттеу жөніндегі халықаралық консорциум құру туралы көпжақты келісімге қол қойды. Жаңа құрылымның негізгі мақсаты – Дала өркениетінің Еуразия тарихындағы орнын, әлемдік өркениетке қосқан үлесін жаңа тарихи деректер мен пәнаралық зерттеу әдістері негізінде кешенді зерделеу. Алты елдің ғылыми әлеуетін, қалыптасқан ғылыми мектептерін, архивтері мен қолжазба қорларын, зерттеу инфрақұрылымын ортақ арнаға тоғыстыратын бастама, әсіресе Жошы Ұлысы мен Алтын Орда мұрасын халықаралық деңгейде тереңірек тануға жол ашпақ.

Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев ғылыми әріптестіктің нақты бағдарламалар мен ұзақмерзімді жобаларға ұласуы маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, академиялар арасындағы байланысты бірлескен зерттеулермен, ортақ ғылыми инфрақұрылыммен, жас ғалымдарға арналған тұрақты мүмкіндіктермен бекемдеу қажет.

«Түркі халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени сабақтастығы мен дүниетанымдық жақындығы – елдеріміз арасындағы достық пен өзара сенімнің берік негізі. Осы рухани жақындықты нақты ғылыми әріптестікке ұластыру, бай тарихи-мәдени мұрамызды бірлесіп зерттеп, келер ұрпаққа жеткізу – академияларымыздың ортақ міндеті», деді Ақылбек Күрішбаев.




Консорциум аясындағы зерттеулер бірнеше бағытты қамтиды. Атап айтқанда, Жошы Ұлысы мен Алтын Орданың тарихи-мәдени мұрасы, мемлекеттілік пен билік институттарының қалыптасуы, құқықтық дәстүрлер, тарихи дипломатия, сауда жолдары мен қала мәдениеті зерделенеді. Сонымен қатар Алтын Орда дәуірінің зияткерлік, рухани және тілдік мұрасына, оның кейінгі мемлекеттермен тарихи сабақтастығына назар аударылады.

Бұл жұмыстардың нәтижелі болуы үшін әр елдің архивтері мен кітапханаларында сақталған тарихи деректерді ортақ ғылыми айналымға енгізу көзделіп отыр. Түркі, моңғол, парсы, араб, қытай және еуропалық тілдердегі қолжазбаларды анықтау, жүйелеу, цифрландыру, аудару және ғылыми түсіндірме әзірлеу жоспарланған. Мұндай тәсіл зерттеушілерге бұрын қолжетімділігі шектеулі болған материалдарды салыстыра талдауға мүмкіндік бермек.

Ортақ ғылыми жобалар археологиялық және археографиялық экспедициялармен де толықпақ. Ғалымдар Дала өркениетінің цифрлық архивін, тарихи деректер корпусын, интерактивті тарихи-картографиялық атласын әзірлеуге кіріседі. Зерттеулерге жасанды интеллект пен геоақпараттық технологияларды енгізу арқылы көне мәтіндерді тану мен талдау, тарихи қалалар мен ескерткіштерді, сауда және көші-қон бағыттарын зерделеу қарастырылған. Сарайшық, Сығанақ, Отырар, Түркістан секілді тарихи орталықтардың дала кеңістігімен байланысы салыстырмалы тұрғыдан зерттелмек.

Консорциум жұмысының тағы бір нәтижесі ретінде Дала өркениетінің көптомдық академиялық тарихын, көптілді энциклопедиясын және тарихи деректердің ғылыми басылымдарын әзірлеу ұсынылып отыр. Сондай-ақ Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілінің академиялық сөздігін дайындау және халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал құру жоспарланған. Жас зерттеушілердің әлеуетін арттыру үшін халықаралық жазғы мектептер, тағылымдамалар, академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен бірлескен ғылыми жобалар ұйымдастырылмақ.

Бас ассамблея барысында ынтымақтастықты жүйелі жүргізу үшін 2027–2031 жылдарға арналған ортақ ғылыми ынтымақтастық Жол картасын әзірлеу ұсынылды. Құжатта тарихи дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу, бірлескен экспедициялар мен пәнаралық зерттеулер жүргізу, цифрлық инфрақұрылымды дамыту, жас ғалымдарды қолдау бағыттары қамтылмақ. Жол картасының орындалуын жыл сайын бағалап, ғылыми нәтижелерді жарияланымдармен, цифрланған деректермен және даярланған мамандармен өлшеу көзделеді.

***«Созақ үні»-ақпарат.***